

*¹Еркін А.  ²Дүйсен Ғ.М. 

^{1,2} Р.Б. Сүлейменов атындағы Шығыстану институты, Алматы, Қазақстан

E-mail: ¹araynur73@163.com, ²galyimzhan@inbox.ru

ҚАЗАҚСТАН МЕН ҚЫТАЙ САУДА-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЫНТЫМАҚТАСТЫҒЫНЫҢ ДАМУЫ: ЖАҢА ПЕРСПЕКТИВАЛАР МЕН СЫН-ҚАТЕРЛЕР

Аңдатпа. Мақаланың негізгі мақсаты – Қазақстан мен Қытай екі ел арасында жүріліп жатқан сауда-экономикаға байланысты ортақ көп түрлі келісімдер мен жобалар, жаңа перспективаларға талдау жасау. Сондай-ақ еліміздің Қытаймен экспорт-импорт жағдайы мен Қытай тарбынан келетін сын-қатерлерін ғылыми тұрғыдан жан-жақты қарастыру. Осы мақсатты орындау үшін әуелі еліміз тәуелсіздік алған жылдардан бері қарай Қытаймен сауда-экономикалық ынтымақтастық барысында қол жеткен көрнекті нәтижелер нақты статистикалық көрсеткіштермен көрсетіле отырып талданды. Қазірге дейін Қытай мен Қазақстан арасындағы серіктестік негізінен мұнай-газ, кен өнімдері және ауылшаруашылық, өнеркәсіп саласы төңірегінде жиі айтылғанымен, екіжақтың тауар сауда айналымының жалпы жағдайның зерттелу жағы әлсіз болып келген еді. Бұл мақалада осы бастық ескеріліп, Қытаймен екіжақты сауда қатынасын жеделдете дамытудың тиімділіктерінен игіліктенумен қатар зиянды жақтарынан қалай сақтанудың шаралары, яғни қысқа және ұзақ мерзімді келешектегі сын-қатерлерді талдауға басымдылық берілді. Зерттеу тақырыбының активалдылығы мен күрделілігін ескере отырып, Қытай мен Қазақстан арасындағы экспорт-импорт жағдайын анықтау кезінде статистикалық талдау әдісі қолданылды. Ал еліміздің экономикалық дамуы, сыртқы саудасындағы өзгерістері салыстырмалы әдістер арқылы шешім тапты. Қытай мен Қазақстан екі елдің ұзақ жылдық ынтымақтастығы барысындағы келісімдер, ірі жобалар яғни перспективалар, келешекте болатын өзгерістер мен сын-сынақтар терең сараптау, талдау, жинақтау, қорытындылау сынды ғылыми жұмыстың стиліне сай зерттеу әдістері қолданылды. Мақаланың жаңалығы ретінде Қытай мен Қазақстан екі ел арасындағы сауда айналымы, оның ел экономикасы мен әлеуметтік жағдайына жасайтын ықпалы, пайдасы мен зияны немесе болашақтағы сын-қатерлері терең талданып қорытындыланды. Әрі тың ғылыми тұжырымдар мен ұсыныстар алға қойылды.

Кілт сөздер: Қытай мен Қазақстан, тауар сауда айналымы, экспорт-импорт жағдайы, ортақ мүдде аясындағы жобалар, экономикалық бәсекелестік, жаңа перспективалар, сын-қатерлер.

Кіріспе

Қытай Қазақстанның ғана емес, Азиядағы көптеген елдердің тұрақтылығына, өңірлік қауыпсіздігіне, сондай-ақ экономикалық дамуына зор ықпал етеді. Олар қазақстан, өзбекстан, қырғызстан, тәжікстан қатарлы орталық Азиядағы көп елдермен ірі сауда және стратегиялық серіктес бола ортып өздерінің ұзақ мерзімдік геосаяси мақсаттарын да іске асыруға талпынады. Өз еліміздің қазіргі даму тұрғысынан алып айтқанда, біз көрші ел қытаймен көпжақтылы ынтымақтастықты жақсартпауға амалсызбыз. Өйткені бүгінгі Қытай бүкіл халықараға ықпал жасап отырған қуатты елдердің қатарына өтті. Бастысы Қытай АҚШ бастаған ірі державалардың орталық Азияға бағыттаған геосаяси жоспарларын іске асыруына яғни саяси ойын алаңына айналдыруына қарсы пәрмен көрсетіп келе жатқан ел. Оның куәсі ретінде Қытай жетекшілігімен құрылған «Шаңхай ынтымақтастық ұйымы», «Ортақ тағдыр қауымдастығы» қатарлы бірлестіктер Азиядағы көрші елдердің қауыпсіздігі мен бейбіт

дамуын көзде ұстайды. Әсіресе «Үнді-тынық мұхиты стратегиясы» жобасы іске қосылғаннан кейін «халықаралық ашық аймақ және ортақ қорғану» секілді қисынсыз сылтаулармен АҚШ Азия аймағына орта қашықтықтағы зымырандар орнату мақсат-ниетін де ашық жарялады. Бұған біріші болып Қытай үкіметі үзілді-кесілді қарсы тұрды. Жалпы жақтан орталық Азияның, кіші көлемнен өз мемлекетіміздің саяси тұрақтылығы мен экономикалық жақтан әлуеттенуіне қытайдың жасайтын ықпалын әсте төмен шамалауға келмейді.

Бұл жағынан келгенде қытаймен көпжақтылы ынтымақтастық орнату қазақстан үшін игі әсері мол. Әрине белгілі жақтардан сын-қатерлердің күшейуін де жоққа шығара алмаймыз. Көп айтылып, кең тарап жүрген «әлемді өзара мүдделер басқарады» деген бұл қанатты сөз қазіргі жаһанданған халықаралық қатынастардың динамикасын, әр елдің өз келешегі үшін алаңдап әрекет етіп отырғанын жақсы түсіндіреді. Қазір Қытай мен Қазақстан арасындағы екіжақты қарым-қатынастар жыл сайын күшейіп, жан-жақты дамып келеді. Біз мұны екі елдің ортақ мүддесін негізге ала отырып, стратегиялық маңызды ынтымақтастықтың үлгісі ретінде қарастыруымызға болады. Еліміз тәуелсіздік алған 30 неше жылдан бері Қытай мен Қазақстан арасында сауда айналымын еселеп арттыру, мәдени ауыс-күйістерді жақсартып жеңілдіктер жасау секілді көп түрлі бірлескен мәлімдемелер жаряланып келісімдерге қол қойылды. Әсіресе Қытайдың «Жібек жолы экономикалық белдеуі» жолға қойылғаннан бері Қазақстан мен Қытай арасындағы сауда ауқымы одан ары кеңейе түсті (Әбиденқызы, 2024: 117). Осыған байланысты саясаткерлер мен шығыстанушы ғалымдар тарабынан Қытай мен Қазақстанның, Қытай мен Орталық Азия елдері арасындағы сауда қарым-қатынастары маңызды зерттеу түйіндерінің біріне айналды. Қазақстанның Қытаймен саяси, мәдени, әлеуметтік, экономикалық, т. б. жақтары мемлекеттік ғылыми-техникалық тапсырмалар ретінде іргелі зерттеу тақырыбына айналып қарастырылып келеді. Біз бұл зерттеу жұмысында Қазақстанның басты сауда-экономикалық серіктестерінің бірі болған Қытаймен сауда ынтымақтастығы барысындағы жаңа перспективалар мен сын-қатерлер жан-жақты, кешенді зерттеу көзделеді.

Материалдар мен зерттеу әдістері

Қытай – Қазақстанның Орталық Азиядағы маңызды сауда-экономикалық серіктесі. Біз еліміз экономикасын дамыту үшін Қытайдың көптеп инвестиция салуын керек етеміз. Алайда экономикалық қолдау мен екіжақты іске асырылып жатқан түрлі келіссөздердің өзімізге әкелер пайдасы мен қауып-қатерлерін де ойласуымыз қажет. Бұл қазір күн тәртібінде тұрған маңызды мәселе. Сондықтан Қытай мен Қазақстан ынтымақтастығына байланысты мәселеге мән бере зерттеудің маңызы зор. Мәселен, А.Серікқалиева ««Один пояс, один путь» и новая конфигурация казахстанско-китайских отношений» зерттеуінде Қазақстанның «маңызды транзиттік буын ретіндегі рөлін атап көрсете отырып, серіктестіктің ішкі, саяси және әлеуметтік аспектілерін терең зерттейді» (Серикқалиева, 2023: 24 & 31). А. Argyngazinov «Қазақстанның сыртқы саудасы: экспорттың заманауи үрдістері мен ерекшеліктері» атты еңбекте «көпвекторлық Қазақстанның икемді сыртқы саясат үлгісін көрсете отырып, егемендігін нығайтуға мүмкіндік беретіні атап өтілген» (Argyngazinov, 2021: 23 & 32). Қытайлық Орталық Азия (Central Asia) зерттеуші ғалым Гуо Хуэй өзінің Шинжиян университеті ғылыми журналында жариялаған «Қытай мен Қазақстанның тауар саудасы арасындағы бәсекелестік пен ынтымақтастық қарым-қатынасы және оны оңтайландыру стратегиялары» (Гуо Хуэй, 2024: 45) деген мақаласында екі елдің сауда қатынасындағы ортақ тиімділіктерге тоқталады. Қазақстанның сыртқы саудасында, оның ішінде Қытайға экспортында орын алып отырған жетерсіздіктерге талдау жасайды.

Мақалада аталған тақырыпты жан-жақты, терең зерттеу үшін шетелік және отандық Шығыстанушы ғалымдардың зерттеулерінде ұсынылған ғылыми теориялық тұжырымдарын пайдаланды. Атап айтқанда отандық ғалымдардан А.Әбиденқызы, Қ.Қадылғазыұлы, А.Зебешев, Ғ.Дүйсен, А.Серикқалиева, ал шетелдік ғалымдардан Buckley, Clegg, Kolstad,

Argyngazinov, Гуо Хуэй, Лю Сяньфэн, Гао Чжиган, Лю Вэй, Чжан Сяоцян, Гун Синьшу, Чжао Ченянь қатарлылардың зерттеулерінен пайдаланылды. Зерттеу барысында ғылыми теориялық (аталған тақырыптың басты алға қойған зерттеу мәселесі бойынша ғылыми теориялық тұжырымдарды, дереккөздерді және түрлі статистикалық мәліметтерді тағы басқа да материалдарды зерттеу) және эмпирикалық (жинақтау, саралау, жүйелеу, анализ, т. б.) әдістері қолданылды. Әсіресе Қытай мен Қазақстан арасындағы сауда мәселесінің жағдайына сараптау жүргізгенде статистикалық мәліметтер мен құжаттардағы деректерге сүйендік. Ал Қытай мен Қазақстан екі елдің ұзақ жылдық ынтымақтастығы барысындағы келісімдер, ірі жобалар яғни перспективалар, келешекте болатын өзгерістер мен сын-сынақтар терең сараптау, талдау, жинақтау, қорытындылау сынды ғылыми жұмыстың стиліне сай зерттеу әдістері қолданылды. Сондай-ақ екі елдің импорт-экспорт саудасы барысына таладау жасауға нақты статистикалық деректерге сүйендік. Әрі түрлі мәселелерге ғылыми сараптаулар мен қорытындылау жасалды.

Талқылау

Қытай – Қазақстанның орталық Азиядағы ең маңызды сауда-экономикалық серіктесі. Бүгінгі таңдағы халықаралық күрделі госаяси жағдайлардың шиленсуі, аймақтық қауыпсіздік сияқты факторлар әр елді алаңдатып отырған мәселе. Осындай жағдайда ғылым-техникасы мен экономикасы қатар дамыған елдермен көпжақты тығыз ынтымақтастық орнатудың маңызы зор. Олардың тек дайын күйдегі тауарларын ғана енгізе бермей, озық өндіріс техникаларынан пайдалана отырып, отандық өнеркәсіптің жедел жандануына мән беруіміз, тиісті шаралар қолдануымыз қажет. Өзі өндіруші елге айналмаған ел түбінде өзгенің тәуелділігіне айналады. Біз өндіруші емес, тек тұтынушы болып қалсақ күшті елдердің ашық сауда базарына айналып қаламыз. Сол үшін өзгенікін жаппай енгізе беру, талғамсыз, талғаусыз пайдалану, өзі өндіруші болуды ойластырмау үлкен қатерлердің түйініне айналып қалуы әбден мүмкін. Еліміздің қазіргі жағдайынан алғанда, біз әлі өндіруші елге айналып үлгіргеміз жоқ. Өзгенің базарын күшейтіп, экономикасын дамытатын тұтынушы болып қана келеміз. Өз халықының тұрмыстық қажетін өзі шеше алмай, оны түгелдей басқа елден импорттау әлсіздіктің белгісі, әрі елді өзгеге тәуелді ететін қауыптың көзі саналады. Ұзақ болашағын ойлайтын, ғылыми-техникалық және экономикалық қуатты елге айналуы бас нысана еткен ел, әуелі бұл мәселені бірінші планға шығарып қолға алуы тиіс.

Қазіргі таңда еліміз өзінің экономикалық қуатын күшейту мен халық тұрмысына қажеттіліктерді шешу үшін Қытаймен экономикалық ынтымақтастықты маңызды орынға қойылып отыр. Зерттеушілер екі ел арасындағы сауда-экономикалық қарым-қатынастарды дамытудың шараларын қарсытырып құнды ұсыныстар ұсынуда. Мысалы, Ғ.М.Дүйсен «Қазақстан мен қытайдың экономикалық ынтымақтастығы: алғышарттар, факторлар мен мүмкіндіктер» атты мақаласында: «Қытай әлемдегі екінші ірі экономикалық ел ретінде мұнай, табиғи газ және металдар сияқты ресурстарды талап етеді. Әрі экономикалық өсудің жоғары деңгейін ұстап тұру қажеттілігіне тап болады. Қазақстан бай табиғи ресурстарға, әсіресе энергия ресурстарына ие болып, Қытай үшін стратегиялық жеткізуші болады. Қытайдың Қазақстандағы инвестициялық белсенділігі, әсіресе инфрақұрылымдық және жоғары технологиялық жобаларда екіжақты қатынастарды нығайтуға ықпал етеді. Нәтижесінде Қытаймен ынтымақтастық жаңа нарықтар мен технологияларға қол жеткізуді қамтамасыз етіп, Қазақстанның экономикалық дамуы үшін стратегиялық маңызды болып саналады», – деп жазады (Дүйсен, 2024: 97).

Келешекте Қазақстан мен Қытай екі ел арасындағы мәдени, сауда-экономикалық қатынасты анағұрлым нығайта түсу үшін мынадай нақтылы перспективалық бағыттарды, жоба-шараларды атап көрсетуге болады:

1) *мәдени және білім саласындағы істестікті үзбеу*. Қытай жоғары оқу орындары мен ғылыми зерттеу орталықтар, яғни Қытай ғылым академиясы мен жазушылар одағы қатарлы

орындар екі елдің қарым-қатынасын жақсарту мақсатында түрлі жобалар атқарып келеді. Қытай ғалымдары мен жазушыларының кітаптары Қазақстанда аударылып басылды. Бұл салада Конфуси зерттеу орталықтары өнімді жұмыстар атқарды. Сондай-ақ екі елдің орта және жоғары деңгейдегі университеттері, институттары кадемиялық тәжірибелік алмасуларды, тағылымдамаларды және бірлескен зерттеулерді іске қосты. Қазақстан тарабы жеке кәсіпорындарды жүргізетін мамандарды тәрбиелеуге Қытайдан озық технологияларды игеруге жіберіп, кәсіби даярлық сапасын жақсартуға мүмкіндік тудырды.

2) *жоғары технологиялар және инновациялар саласындағы бірлескен зерттеулер мен жобалар.* «Ақпараттық технологиялар, жасанды интеллект, жасыл энергетика және медициналық технологияларды қоса алғанда, инновациялық саладағы ынтымақтастықты тереңдету Қазақстан экономикасын жаңғыртудың маңызды факторы болып табылады. Бірлескен ғылыми орталықтарды, зертханалар мен технопарктерді ұйымдастыру озық қытайлық технологияларды енгізуге және өзіміздің ғылыми әлеуетімізді дамытуға көмектеседі» (Дүйсен, 2024: 103).

3) *инфрақұрылымға, логистикаға инвестициялар тарту.* Қытаймен екіжақты ортақ жобалар жасай отырып, тұрғын үй, жол салу секілді ірі құрылыс нысандарын салуды бар күшпен қолдау. Бұлар халық тұрмысында кезекті шешуге тиісті өзекті мәселе. «Бір белдеу, бір жол», «Жібек жолы экономикалық белдеуі» қатарлы қытайдың халықараға бағыттаған ұйымдары арқылы бірлеспе жобаларды атқару қажет.

4) *туристік алмасу және тауар саудасын жандандыру.* Қазақстан Қытайға энергетика саласында белсенді экспорт жасағанымен, халықтың әлеуметтік қажеттілігін шешетін жиі өнеркәсіпті дамыту, түрлі шикізатты мәнерлеп жаңа өнімдер өндіру жағында әлсіздік танытып келеді. Сондықтан көз алдағы мәселелерді шешуге, сауда базарын дамытуға басымдылық берген жөн.

Бұл мәселелердің өңді шешім табуына Қытайдың ЖЭБ мен Қызақстанның «Нұрлы жол», «Қазақстан Республикасы сыртқы саясатының 2020 - 203 жылдарға арналған тұжырымдамасы туралы» қатарлы қаулы бағдарламаларға сай жүргізіліп жатқан жобаларын қолдауымыз, әрі олар ұсынып отырған игіліктерден пайдалануымыз керек.


Зерттеу нәтижелері

Қазақстанның сыртқы сауданы дамытудағы Қытайдың рөлін талдаумен бірге олардан келетін түрлі сын-қтерлерге де назар аударуымыз керек. Қытай – еліміз экономикасын дамытуда маңызды орын алатын серіктесіміз. Сондықтан да екі ел арасындағы сауда қатынастарын терең түсініп, жан-жақты зерттеудің маңызы зор. Еліміздің сыртқы саудасының дамуы, көрші ел Қытаймен қатынасын кешенді талдап, өнімді нәтижеге жету үшін мынадай төрт әспектi бойынша талдау жасалады: 1) Қазақстанның импорт және экспорт жағдайы. 2) Қазақстанның сыртқы сауда айналымы. 3) Қытаймен жасалған сауда келісімдері мен тауарлар. 4) Қытай тарабынан келетін сын-қатерлер.

1) Қазақстанның импорт және экспорт жағдайы. Қытайдан Қазақстанға импорт негізінен жеңіл өнеркәсіп өнімдерін негіз етсе, экспорты табиғи жаратылыстық байлықтарын – өңделмеген мұнай, газ, ішінара кен өнімдері қатарлы көп түрлерді қамтиды. Қазақстанның экспортында дөп келіп отырған мәселенің бірі – тасымалдау құнының жоғары болуы, өндіріс техникаларының ескіруі, негізгі сауда базар орындарының кемелсіздігі қатарлылар болып табылады. Бұл мәселені шешудің ұтымды жолдарын қарастыру қажет. Мәселен, Шетелдің өндіріс құрал жабдықтары мен кәсіпкерлікке қажетті техникаларды енгізуге мемлекет тарабынан қолдау көрсетіліп, бұқара халық оларды қолжетімді бағада сатып ала алатын болуы керек. Сол арқылы қалың халық бұқарасын кәсіпкерлікке ынталандыруға болады. Өз өнімдерін өндіріп ел йгілігіне жұмсайды. Халық бай болса мемлекет экономикасы да әлуеттене түседі. Импорттың орнын басу саясатын атқару арқылы экспортық қуатқа ие шағын және орта кәсіпорындардың тез қарқынмен дамуын барынша сүйемелдеу жасау.

Сонымен қатар Қытай мен Қазақстанның «өндіріс қуаты мен инвестициялық селбестікті нығайту» секілді екітараптық бірлесіп келісімнен өнімді пайдаланып, сауда-экономикалық ауқымды кеңейтуді көзде ұстау қажет.


Қазақстан сыртқы саудасының негізін мұнай өнімдері, металл кендері, қара металдар қатарлы табиғи байлықтарды құрайды. Ал ауылшаруашылық өнімдерінің экспорттық саудасы екінші орында. 1992-ші жылдан 2024-ші жылға дейін Қазақстанның сыртқы саудасы 368 миллион АҚШ долларынан 134,4 миллиард АҚШ долларына дейін, яғни 70 есеге жуық өсті. Ал 2024-ші жылы Қытай мен Қазақстан арасындағы екіжақты тауар сауда көлемінің сомасы 17,7 миллиард АҚШ долларына жетіп, жылдық есеппен 20%-ға артты. ҰСБ-ның мәліметінше, 2024-ші жылы экспорт – 68,5 миллиард долларды (номиналды мәнде 5,1% көп), ал импорт – 48,4 миллиард долларды құрады (номиналды мәнде 3,3% аз). Бұл көрсеткіштерді салыстыра қарағанда, сыртқы сауда айналымында 2024-ші жылы бұрынғы жылдағыдан еселеп артып, ең жоғары өсім көрсеткіш 101,5%-ға жетті. 2021-ші жылдың басынан 2024-ші жылдың аяғына дейін сыртқы сауда айналымынан елімізде тек импорт ғана емес, экспорттың да тұрақты түрде артып келе жатқанын көреміз (Зебешев, 2022).



1-сурет. Сыртқы сауда айналымы. Дереккөз: ҚР ҰСБ

Суретте көрсетілген сыртқы сауда айналымынан 2024-ші жылы импорт көлемінің азайғанын көреміз. импорт көлемінің азаюы – экономикалық әртараптандыру саясаты мен отандық өндірісті белсенді дамыту шараларының атқарылуының нәтижесі. 2023-ші жылмен салыстырғанда 2024-ші жылдың сауда импорты 3,3%-ға төмендеген (Амангелді, 2022). Импорттың төмендеуі бір жағынан өндіріс тиімділігін арттырудың көрсеткіші болса, келесі жағынан тікелей сыртқы жағдайлардың әсерінен болуы мүмкін. Бұл толқымалы үрдістің орын алуы ішкі нарыққа бағытталған өндіріс пен инновацияларды ынталандыруды көзде ұстау арқылы ұлттық экономиканы тұрақты, баянды дамытуға септігін тигізеді. Сондай-ақ импорттың азаюы сауда теңгерімін жақсартып қалмастан, елдің валюта резервтерін нығайтуға да белгілі дәрежеде ықпал етеді.

2) Қазақстанның сыртқы сауда айналымы. Еліміз соңғы он неше жылда әлемдегі көптеген елдермен сыртқы сауда келісімдерін жасасып, оларды бірлесіп қаржы қосып қатар дамуға шақырды. Қазіргі таңда Қазақстанның экспорттағы басты серіктесіне айналған елдер: Италия (24%), Қытай (17,9%), Ресей (11%), Нидерланд (6,6%), Франция (4,7%), Түркия (4,1%), т. б. қатарлылар. Таяу мезгілдегі 5 жылда Қытай мен Қазақстан арасындағы импорт-экспорт саудасы жылдан-жылға артып келеді.



2-сурет. Сауда айналымындағы басты серіктес елдер. Дереккөз: ҚР ҰСБ

Суреттен Қытай мен Қазақстан арасындағы импорт-экспорт саудасы қатынасының бір қалыптылығын көреміз. 2024-ші жылы Қытайға экспорттың 17,9%-ы, ал импорттың 25,5%-ы тиесілі болған. Қазақстан мен Қытай арасындағы тауар саудасы энергетика, өнеркәсіптік өнімдер және азық-түлік тауарлары секілді көп түрді қамтиды. Қазақстан экономика министрлігінің мәлімдеуінше, еліміздің сауда-тауар айналымы 2024-ші жылы рекордтық көрсеткішке жетіп, сауда профициті 34,3 миллиард долларды құраған. Бұл 2021-ші жылғы көрсеткіштен 82%-ға көбейсе, ал 2020-ші жылмен салыстырғанда тағы 4 есе артқан (Лю Сянфэн, 2015: 34 & 38). Алайда бұл санды көрсеткіштерден экспорт көлемі салыстырмалы түрде айтқанда әлі де төмен екенін көреміз.

3) Қытаймен жасалған сауда келісімдері мен тауарлар. Еліміздің Қытай елімен сауда-экономика арнасын кеңейтіп, анағұрлым зор дамуға қол жеткізу үшін көптеген бірлескен келісімдерді іске асырды. Және екітарапқа бірдей пайдалы жобаларды атқарды. Мәселен, «Шымкент мұнай өңдеу зауаты, Жаңатас қаласындағы жел электр станциясы, қуаты жылына 500000 тонна полипропилен өндіретін Атырау мұнай-химия кешені және Тұрғысын су электр станциясы» (Гао Чжиган, Лю Вэй, 2015: 24 & 33) қатарлы бірқатар стратегиялық ірі ауқымды жобалар екі ел экономикалық ынтымақтастығының одан әрі нығайуына тың серпін берді. Сонымен бірге импорт-экспорт саудасы айналымының жандануы үшін транзиттік тасымалдарға да пәрмен бере дамытты. Соның арқасында халықаралық мультимодальдық тасымалдар айтарлықтай табысқа жетіп, Қытай мен Қазақстан әр екі жақтан тұрақты түрде жұмыс істейтін 7 порт, мұнай тасымалдауға арналған 5 трансшекаралық құбыр желісін іске қосты (Чжан Сяоцян, Гун Синьшу, 2014: 128 & 135). Сондай-ақ екі трансшекаралық теміржол магистралы мен халықаралық шекара маңы ынтымақтастығының орталығы ашылды. Әсіресе қытайдың «Бір белдеу, бір жол» бірлескен жобасы екі мемлекеттің ынтымақтастығын онан ары күшейте түсті.

Бұдан сырт Қытай мен Қазақстан екі ел арасында айналымға түскен тауар түрлері де жыл сайын еселеп артып келеді. Соның негізгілері мынадай 10 үлкен түрді қамтиды: 1) Түрлі азық-түліктер. Бұған көкөністер, жеміс-жидектер, консервантанған ет өнімдері кіреді. 2) Денсаулық сақтауға қатысты жасыл өнімдер мен дәрі-дәрмектер. 3) Күнделікті тұрмысқа қажетті түлі бұйымдар, киім-кешек, т. б. 4) Дайын химиялық өнімдер. 5) Ауылшаруашылық пен өнеркәсіпке қажетті құралдар. 6) Машина және көлік жабдықтары. 7) Хайуанаттар мен өсімдіктердің өңделмеген майы. 8) Жеңіл тоқымашылық материалы. 9) Өңделмеген кен өнімдері. 10) Құрылыс материалдары. Мұның кейбірі дайын, тікелей тұтынуға болатын

өнімдер болса, кейбірі жартылай өңделген немесе әлі өңдеуден өтпеген шикізат бұйымдар болып табылады.

Қазақстан сауда министрілігі көп түрлі нақты шараларды қолданып, тауар экспортына дем берді. Әрі Қытайды сауда-экономикасын жандандырудың нысаналы базары ете отырып, шикызатқа жатпайтын, тікелей тұтынуға берілетін дайын күйдегі тауарларды экспорт ету жобасын іске асырды. Мәселен, ауылшаруашылық өнімдерін өңдейтін және шикызат күйінде дайындайтын 30 дан астам кәсіпорынмен келісім жасалды, және оларды субсидия бөлу арқылы Қытаймен сауда байланыстың дамуына серпін берді. Мұнда субсидия беру объектісі – мәнерленген бұйымдарды экспорт етумен шұғылданатын трейдерлер, ауылшаруашылығы өндірістік кооперативтерін және мемлекет қаржыландырған жеке кәсіпорындарды қамтиды. Осыған ілесе Қытай үкіметі де Қазақстанмен экспорт-импорт саудасына тиімділік әкелер бірқанша шараларды ұсынды: 1) Экспорт аманат қарыз беру шекті серіктестігі сыртқы сауда кәсіпорындарна бағыттаған қысқа мерзімді қамсыздандыру төлемінің шегін өзгертуіне немесе ұзартуына болатын болды. 2) Орта және шағын сыртқы сауда кәсіпорындарына экспорттық несиені кеңейту. 3) Сыртқы сауда онлайн арналарын кеңейтіп, олардың орта, шағын бизнесті онлайн және онлайн көрмелерге қатысуға жұмылдыру. 4) Кеден өткелдерінің түрлі ресімдеулерін ыңғайластырып, уақыттың өзіндік құнын азайту. 5) Еңбек күшті көп қажет ететін өнімдерді қолдау тебінін арттырып, бажыны жеңілдету, ақыны азайту, экспорт аманат қарызы мен сенімділігін қорғау сияқты шараларды атқару.

Қытай мен Қазақстан арасындағы сауда экономикалық қарым-қатынаста екітарап өзара көптеген тиімділіктер жасаса да сауда құрылымында бірқатаар кемшіліктер де сақталды. Енді соның бірқаншасына талдау жасап көрелік. Еліміз тәуелсіздік алған алғашқы жылдар да Қытаймен екі ел ортасындағы сауда ынтымақтастығы салыстырмалы түрде қарапайым болды. «Шегаралық айырбас – екі елдің күнделікті тұрмысқа қажетті заттарды алмастыратын айырбастың негізгі түрі» (Чжао Ченян, 2021: 40, 51). Бастапқы кезде екі ел саудасында тұрмыстық тұтыну бұйымдарын өткермелеп сату сияқты қарапайым тәсілдерін қамтыды. Ал кейбір жоғары технологиялық және жоғары құнға ие өнімдер салыстырмалы түрде аз үлесті құрайды. Оның орнына еңбеккүшті көп қажет ететін шикызаттық өнімдер басымдау болды. Яғни нақтылап айтқанда қазақстанның қытайдан импорты – күнделікті дайын тұтыну тауарлары да, экспорты – шикізат болды. Бұл үдеріс екі ел арасындағы түрлі екіжақты келісімшарттардың арқасында тың дамуға қол жеткізіп, сауда айналымының түрлері мен сомасы да еселеп артты.

4) Қытай тарабынан келетін сын-қатерлер. Әрбір жақсы істің көлеңкелі тұстары, қауыппен қатерге толы жақтарының сақталуы да заңды. Еліміздің Қытаймен арадағы сауда экономикалық қарым-қатынасын күшейтудің түпмақсаты – өзіміздің қажетімізді шешіп, материалдық дамуға қол жеткізу.

Қазіргі таңда көптеген елдер жаһандық геосаяси жағдайға дөп келуде. 2024 жылы қаңтар айының 15-19-ші күндері Швейцарияның Давос қаласында халықаралық қауыпсыздық мәселесі, жас әрі әскери және экономикалық қуаты әлсіз елдердің күшті державалар тарабынан қысым көруі секілді көптарапты жайларды талқылаған дүниежүзілік форум өтті. Форумға әлемнің 120 елінен келген 2800 делегат қатысты. «Мұның ішінде 60 елдің мемлекет басшысы мен БҰҰ, Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы, Халықаралық валюталық қор сияқты халықаралық ұйымдардың басшылары және 40-қа жуық үкіметтік емес ұйымның өкілдері» болды (Thomas, Hemphill, 2024: 287). Форумда талқыланды халықаралық геосаяси шиеленістер, экономикалық және әскери күштердің ықпалы, жасанды интеллекттің дамуы, түрлі қоғадық жағдайлар себебінен жаратылыстық ортаның ойрандалып, адамзат баласының келешегіне қатерлер тудыруы сияқты мәселелер талқыланды. Жаһандық мәселеге айналған бұл жағдайлар еліміздің болашақ тағдырына да байланысты. Әсіресе жағырапиялық жағынан Ресей, Қытай сияқты күшті елдермен шегаралық көрші отырғандықтан олардан келер қауып-қатердің өмір сүруі табиғи іс.

Қытай мен Қазақстан арасындағы сауда-экономикалық қарым-қатынас, мәдени ауыс-күйіс секілді ынтымақтастықтың белсенді артуымен, халық көңіліне алаңдаушылық әкелген қоғамдық пікірлер орын алды. Қытай саудагерлері мен түлі кәсіпорын қожайындары елімізге келіп, базарды иелей бастады. Үкіметпен келісімге қол қоя отырып, жол жасау, кен ашу, түлрі шикызатты мәнерлеу, жаңа өнімдер өндіру, т. б. жұмыстарды қолға алды. Бұл жергілікті тұрғындарды жұмыспен қамдау сияқты уақыттық қиыншылықтан арылтқанымен, ұзақ болашақтан айтқанда алдымыздан көптеген сын-қатерлер күтіп тұратыны шындық еді. Қытайлардың елімізде неше жүз мыңдап тұруы, үй сатып алуы, базар иелеуі алаңдатады. Әсіресе олардың біртіндеп экономиканы меңгеруі, жергілікті ұлттар мен некеленіп тұрақты тұрғынға айналуға тырысуы ойланатын маңызды мәселе. Төменде осы мәселені шағын кесте арқылы көрсетіп талдап көрелік.

Қысқа мерізімді келешектегі сын-қатерлер, 5 жыл		Ұзақ мерізімді келешектегі сын-қатерлер, 30 жыл	
	Мәдениеттің таралуы		Иделогияның орнығуы
	Базарды иелеуі		Экономиканы меңгеру
	Миграциялық сіңісу		Миграциялық сіңісу
	Инфляция		Қос валютаның қатар қолдануы
	Жергілікті халықтың мүмкіндігінің шектелуі		Әлеуметтік теңсіздік
	Ұлттық қайшылықтар туылуы		Ұлттық қайшылықтың күшейуі
	Ұлттық құндылықтардың әлсіреуі		Ұлттық құндылықтардың жоғалуы
	Жаратылыстық ортаның бүлінуі		Жаратылыстық ортаның бүлінуі
	Геосаяси қауыптердің күшейуі		Геосаяси қауыптердің белең алуы

Сын-қатер санаттары:

■ Экономика ■ Қоршаған орта ■ Геосаясат әлеумет ■ Технология

Мәдениеттің таралуы. Бір елдің идеологиясы бірден саяси қарулы күшпен емес, ұзақ мерізімдік ақпаратты ауыс-күйістен, мәдениеттің таралуынан қалыптасады. Мәдениет арқылы идеология дәріптеу жаулаушы елдердің тарихтан бері қолданып келген тәктикасы. Бұл туралы Т.Қадыл «Қытай өркениетінің қалыптасуы және біртұтастық идеясы» атты зерттеуінде айтылған көзқарасты құп көреміз: «Қытай халқы байырғы өркениетті сақтауда саяси біртұтастыққа құрылған идеологиялық қайнарға сүйенді. Қытай өркениетінің мыңдаған ғасырлардан бері үзілмеуінің ең бірінші себебі – мыңдаған жылдар бойы негіз қалап, әлі күнге дейін атқарып келе жатқан біртұтастық идеясы. Атап айтқанда, Конфуци идеясы және оның концепциясында бейнеленген дәстүрлі Қытай мәдениеті. Қазір Қытайлар дүниенің әр түкпірінде Конфуци идеясын дәріптейтін мыңдаған Конфуци мектептерін құрды. Қазақстанның өзінде бес-алты орында ашылды. Қытайдың бұл алысты көздеген жоспарының астарында үлкен мән жатыр. Және геосаяси мақсатқа иек артқан бұл әрекеттері жақын мезгілде бола салған іс емес. Әдетте бұл қадамдар мемлекеттер арасындағы достық, әріптестік жобалар негізінде жүрілетін әдепкі шаралар секілді көрінгенімен, шын мәнісінде жай қарайтын мәселе емес екендігін ескеруіміз қажет» (Қадыл, 2024: 207).

Базарды иелеуі. Экономика – жан тамыр. Бағыныштылық – басқаға кіріптар болудан басталады. Егер Қытайлар ақырындап базарды көптеп иелеп, экономиканы шеңгелдеп

менгере бастаса бұл бірте-бірте үлкен қатердің көзіне айналуы мүмкін. Өзгемен селбесіп қатар дамуға болады, алайда қарсы тараптан келер күтпеген сын-қатерлердің туылуынан да сақтанып алдын ала шаралар қолданған дұрыс. Кімнің экономикалық қуаты күшті болса, соның сөзі өктем болады. Сол үшін басқаға бағынышты халге түсіп қалмау үшін еліміздің ұлттық қуатын әлуеттендіруіміз қажет. «Халық бай болса, мемлекет те құдыретті күшке ие болады» (Buckley, Clegg, 2007: 499).

Миграциялық сiңісу. Қазіргі таңда Қытайлар еліміздің әрбір өңірлерінде сауда саласымен немесе түрлі жобалар арқылы жасалынып жатқан кәсіптермен тұрып жатқаны белгілі. Қытай кәсіпкерлері дерліктей ақшалы байлар. Олар келе салып түрлі тәсілмен көпқабатты үй сатып алып, жайы келіссе жергілікті халықтармен некеленіп жатқаны да жоқ емес. Жергілікті ұлыттан қыз алу яғни некелену миграциялық сiңісудің бір тәсілі. Бөтен ел қызынды алған соң өзіңе айналады. Дос болып өзіңе айналып ішіңе кірген жау сені түбінде алмай қоймайды. Ел ішінде құлаққа еміс-еміс естіліп қоғамдық пікірге айналып жүрген бұл мәселеге де назар аудармай болмайды.

Инфляция. «Инфляция дегеніміз экономикадағы жалпы баға деңгейінің тұрақты өсуі. Инфляция нәтижесінде ақша біртіндеп өз құнын жоғалтады, яғни оның сатып алу қабілеті төмендейді» (Kolstad, Wiig, 2010: 26). Инфляцияның тұрақсыздығы ұлттық валютаға ықпал жасайды. Қытайдан ентін импорт тауардың шамадан тыс артуы еліміздің инфляциясына әсер етеді. Сондықтан сыртқы сауда кезінде көңіл аударатын мәселенің маңызды бірі осы. Инфляцияның тұрақсыздығына тікелей ықпал жасайтын мынадай бірнеше факторларды атауға болады: 1) Әлемдік нарықтардағы тауарлар баағасының көтерілуі инфляция әсер етді. 2) Түлі-түсты табиғи апаттар – жер сілкінісі, су апаты, өрт апаты, коронавирус (COVID-19) секілді адамзатқа апат әкелген індеттер, соғыс пен түрлі саяси қысымдардан туатын дағдарыстардың бәрі де, сол мемлекеттің инфляциясына тікелей теріс ықпал жасайды.

Геосаяси қауыптердің күшейуі. Экономикалық басымдылықтар бір елдің саяси-әлеуметтік тұрақтылығына ықпал етеді. Көрші елмен ынтымақтастықты, халықаралық келісімдерді сақтай отырып, түрлі күтпеген қауп-қатерлердің алдын алу. Шекараралық қақтығыстардан сақтану, экономикалық дағдарыс қаупынен сақтану, т. б. мәселерге баса көңіл аудару қажет.

Қорытынды

Бұл зерттеу жұмысының талқылау және нәтижелер бөлегінде келтірілген нақты статистикалық мәліметтер, ғылыми сараптамалар мен материалдарға зерттеу, талдау, салыстыру жасау арқылы келесі тұжырымдарды ұсынуға болады:

1. **Қытай – Қазақстанның маңызды инвесторы.** Еліміздің экономикалық қуатын нығайту, әлеуметтік қауыпсіздік пен геосаяси жақтан тұрақтылықты қамтамасыз ету сяқты ел тағдыры мен болашағына саятын аса маңызды мәселелерді шешу де Қытай үкіметімен болған ынтымақтастыққа баса мән беруге тура келеді. Қытай мемлекеті соңғы жылдары еліміздің тұрақты инвесторы ретінде қалыптасты. Мәселен, Қытай үкіметі 2018 жылдан бері (ҚР ҰБ мәліметінше) Қазақстанға жылына 1,5 миллиард доллардан астам инвестиция құйып, әр түрлі екіжақты ортақ сауда келісімдері мен жобаларды іске қосқан. Өткен он неше жылда Қытай мұнай-газ саласына басымдық берілсе, қазір қытайлық бизнесмендер жол жасау, құрылыс яғни тұрғын үй, шикызат мәнерлеу өнеркәсібі, жер асты қатты күйдегі байлықтарды барлау, түрлі қоғамдық қызмет өтеу түрлері, ауылшаруашылығына қатысты салалар, т. б. қатарлы жақтарда белсенді түрде инвестиция салуда. Қысқасы, Қытай Қазақстанның сыртқы саудасын дамытып, экономикалық қуатын арттыудағы ең ірі серіктесі болып табылады.

2. **Қытаймен сауда байланыс туралы зерттеулердің нәтижелері.** Қытай Қазақстан тәуелсіздік алған алғашқы жылдардан тартып тату ынтымақтастық орнатқан көрші ел. Оның үстіне Қытай еліміз экономикасына инвестиция салатын алғашқы 5 елдің қатарына кіреді.

Екі ел ортасында көп жылдан бері жүріп жатқан сан-салалы келіссөздер мен екіжақты жобалар, достық-әріптестік қарым-қатынастар әсіресе жақынғы он жылдан бері қарай жиы зерттеу нысанына айналып, ауқымды да өзекті тың мәселелер ұсынылып келеді. Орталық Азия, Шығыстану институттары мен Қытай зерттеу орталықтары тарабынан жасалынып жарыққа шығып жатқан зерттеу нәтижелері осының айғағы.

3. *Геосаяси мүдделер мен жаңа перспективалар.* Қазіргі таңда Қытай Қазақстанның сауда-экономика, энергетика саласындағы маңызды серіктесі. Қазақстан үкіметі халықтың күнделікті тұрмыстық қажетін шешетін дайын тауарларын импорт етсе, ал түрлі ауылшаруашылық шикызат өнімдері мен мұнай-газ сиқты жер асты табиғи байлықтарын экспорттайды. Қытайлар бұрынғы жеткен нәтижелерді қанағат тұтпай жаңа жобалар атқарып жатыр. Мәселен, Қытай трансұлттық компанияларының (ТҰК) әртүрлі энергетикалық секторларға – мұнай, газ, көмір тағы басқа да жаңартылатын көздерге инвестиция салуда. Тек бұл ғана емес, олар Қазақстанда жел, су, күн электр станцияларын салу жобаларды жүзеге асыруда.

Қорытындылап айтқанда ҚХР инвестицияларының әртарапты жобалары арқылы Қазақстан өзінің экономикалық қуатын әлуеттендіруді көздесе, Қытай тарбы біріншіден, әлі ашылмаған алапты, жаңа базарды иелеп экономиканы меңгеруге ұрынуда. Екіншіден, көптеп инвестициялар салып қысқа және ұзақ мерзімдік жоспарлар құруда. Үшіншіден, экономикалық, әлеуметтік, миграциялық, мәден-иделогиялық ықпал жасауда. Сол үшін қуаты өзінен неше есе күшті көршімен тату болу қажет, алайда одан келер сын-қатерлерді де алдын-ала болжап, сараптап, тиісті шараларды да жасаған дұрыс деп ойлаймыз.

Әдебиеттер:

Әбиденқызы, Қадылғазыұлы, Ердашова, 2024 – *Айнұр Әбиденқызы А, Құрмет Қадылғазыұлы Қ, Ердашова А.* Қытайдың «бір белдеу, бір жолдау» стратегиясы: әлемдік жетекшілікті қалыптастырудағы порттардың рөліне жүгіну // Қоғам және дәуір, ғылыми сараптамалық журнал. 2024. № 3 (83). – Б. 117. <https://doi.org/10.52536/2788-5860.2024-3.09>

Сериқкалиева, 2023 – *Сериқкалиева А.* Инициатива «Один пояс, один путь» и новая конфигурация казахстанско-китайских отношений // Журнал восточных исследований. 2023. № 4 (107). – С. 24 – 31. <https://doi.org/10.26577/JOS.2023.v107.i4.03>

郭 辉, 2024 – 郭 辉. 中国和哈萨克斯坦商品贸易竞合关系及优化对策. 新疆师范大学学报. 2024 年 3 期. 第 6 页. DOI: 1008-9659 (2024) 01-0045-12

Argyngazinov, 2021 – *Argyngazinov A.* Foreign Trade of Kazakhstan: Modern Trends and Peculiarities of Expor. Russian Foreign Economic Journal. 2021. № 6. – С. 23 – 32. Handle: RePEc:alq:rufejo:rfej_2021_06_23-32

Дүйсен, Рахим, Көпбосынова, 2024 – *Дүйсен F.M., Рахим Г.Е., Көпбосынова А.Н.* Қазақстан мен қытайдың экономикалық ынтымақтастығы: алғышарттар, факторлар мен мүмкіндіктер // Алматы гуманитарлық-экономикалық университеті ғылыми журналы. 2024. № 4 (95). – Б. 97 – 103. DOI: <https://doi.org/10.51579/1563-2415.2024.-4.08>

Зебешев, 2023 – *Зебешев А.* Қазақстан мен Қытайдың инвестициялық ынтымақтастығы. Сайыттан алынған материал. 29.01.2022. <https://kapital.kz/economic/101161/investitsionnoye-sotrudnichestvo-kazakhstana-i-kitaya-na-tekushchem-etape.html>.

Амангелді, 2022 – *Амангелді Ә.* Келешегі кемел Жібек жолының экономикалық белдеуі. 29.01.2022. https://www.inform.kz/kz/keleshegi-kemel-zhibek-zholynyn-ekonomikalyk-beldeui_a3339360.

刘翔峰, 2015 – 一带一路倡议下的中哈经贸合作. 国际贸易. 2015 年 11 期. 第 34 – 38 页. DOI: 1008-9659 (2024) 01-0045-12

高志刚, 刘伟, 2015 – 高志刚, 刘伟. 一带一路背景下中国与中亚五国贸易潜力测算及前景展望. 山东大学学报. 2015 年 5 期. 第 24 – 33 页.

张晓倩, 龚新蜀, 2014 – 张晓倩, 龚新蜀. 中国与哈萨克斯坦农产品贸易结构变化趋势、比较优势及互补性分析. 世界农业. 2014 年 10 期. 第 128 – 135 页.

赵晨阳, 2021 – 赵晨阳. 中国与中亚地区国家贸易与商品格局分析. 价格月刊. 2021 年 10 期. 第 40 – 51 页.

Thomas , Hemphill, 2024 – *Thomas A. Hemphill*. The Political Economy of Globalism in South America: Strategic Implications for Foreign Direct Investment // *Commotion and Change*. 2024. № 12. – P. 287–303. DOI: 1009-3540 (2018) 11-0027-0008

Қадыл, 2024 – *Қадыл Т.* Қытай өркениетінің қалыптасуы және біртұтастық идеясы // Қазақстан шығыстануы ғылыми журналы. 2024. № 3 (11 том). – Б. 207. <https://doi.org/10.63051/kos.2024.3.197>

Buckley, Clegg , 2007 – *Buckley P.J. Clegg L.J.* The Determinants of Chinese Foreign Direct Investment // *Journal of International Business*. 2007. № 4 (38). P. 499 – 518.

Kolstad, Wiig, 2010 – *Kolstad I, Wiig A.* What Derermines Chinese OutwardFDI // *Journal of World Business*. 2010. № 1 (47). P. 26 – 34.

References:

Äbidenqyzy, Qadylgazyuly, Erdaşova, 2024 – *Äbidenqyzy A, Qadylgazyuly Q, Erdaşova A.* Qytaıdyñ bir beldeý, bir jol strategiasy: älemdik jetekşilikti qalyptastyrýdaғы porttardyñ róline jugıny [China's "One Belt, One Road" Strategy: Addressing the Role of Ports in Shaping Global Leadership] // *Qoғam jáne дәýir, ғылымı saraptamalyq jornal*. 2024. № 3 (83). P 117. <https://doi.org/10.52536/2788-5860.2024-3.09>

Serikkalıeva, 2023 – *Serikkalıeva A.* Inisiativa adın poias, adın pýt ı novaia konfigurasiı kazakstansko-kıtayskıq otnoşenı [The Belt and Road Initiative and the New Configuration of Kazakh-Chinese Relations] // *Jornal vostoşnyq nssledovanı*. 2023. № 4 (107). P 24 – 31. <https://doi.org/10.26577/JOS.2023.v107.i4.03>

Gýo Qýei, 2024 – *Gýo Qýei.* Joñ gýo qy Qazaqstan shang pın mao yı jig qe gýan şı gı ioý qýa duı sy [The competitive and cooperative relationship between China and Kazakhstan's commodity trade and its optimization strategies] // *Shın jiañ shı pan da shýe shýe baý*. 2023. № 3. P 6. DOI: 1008-9659 (2024) 01-0045-12

Argyngazinov, 2021 – *Argyngazinov A.* Foreign Trade of Kazakhstan: Modern Trends and Peculiarities of Expor. Russian Foreign Economic Journal. 2021. № 6. P 23 – 32. Handle: RePEc:alq:rufej:rufej_2021_06_23-32

Duisen, Raqım, Kópbosynova, 2024 – *Duisen G. M., Raqım G. E., Kópbosynova A.N.* Qazaqstan men Qytaı ekonomıkalyq yntymaqtastygy: alғыsarttar, faktorlar, men mumkindikter [Economic cooperation between Kazakhstan and China: prerequisites, factors and possibilities] // *Almaty gýmanitarlyq-ekonomıkalyq ýniversiteti ғылымı jornaly*. 2024. № 4 (95). P 97 – 103. DOI: <https://doi.org/10.51579/1563-2415.2024.-4.08>

Zemeşev, 2023 – *Zemeşev A.* Qazaqstan men Qytaıdyñ investisiıalyq yntymaqtastygy [Investment cooperation between Kazakhstan and China]. Saıyttan alyngn material. 29.01.2022. <https://kapital.kz/economic/101161/investitsionnoye-sotrudnichestvo-kazakhstan-i-kitaya-na-tekushchem-etape.html>.

Amangeldi, 2022 – *Amangeldi Ä.* Keleşegi kemel Jibek jolynyñ ekonomıkalyq beldeýi [The Silk Road Economic Belt with a bright future]. 29.01.2022. https://www.inform.kz/kz/keleshegi-kemel-zhibek-zholynyn-ekonomıkalyk-beldeui_a3339360.

Lıy Şianpen, 2015 – *Lıy Şianpen.* I dai I lý shañ yı shıa de Joñ qa jiñ maý qe zo [China-Kazakhstan economic and trade cooperation under the Belt and Road Initiative. International Trade] // *Gýo ji maý yı*. 2015. № 11. P 34 – 38. DOI: 1008-9659 (2024) 01-0045-12

Gay Şjigan, Lıy Uei, 2015 – *Gay Şjigan, Lıy Uei.* I dai I lý bei jiñ shıa Joñ gýo uı Joñ ia ý gýo maý yı shıan lı sy sýan ji şian jiñ pa zhan [Estimation and Prospect of Trade Potential between

China and the Five Central Asian Countries under the Background of the Belt and Road Initiative] // Shan dong da shýe shýe baý. 2015. № 5. P 24 – 33.

Şjan Siaýian, Gaý Şynşý, 2014 – *Şjan Siaýian, Gaý Şynşý*. Joñ gýo uı Qazaqstan noñ şan pın mao yı jie go bian qýa shu zhy, bı jiaý ioý shı jı qý bu şıñ pen şı [Analysis on the trend of agricultural product trade structure change, comparative advantages and complementarity between China and Kazakhstan] // Şy je noñ ie. 2014. № 10. P 128 – 135.

Jaý Şyniañ, 2021 – *Jaý Şyniañ*. Joñ gýo uı Joñ ia dı şui go jia maý yı uı shañ pın gy juı pın şyı [Analysis of trade and commodity patterns between China and Central Asian countries] // Gy jia uo gan. 2014. № 10. P 40 – 51.

Thomas, Hemphill, 2024 – *Thomas A. Hemphill*. The Political Economy of Globalismin South America: Strategic Implications for Foreign Direct Investment // Commotion and Change. 2024. № 12. – P. 287–303. DOI: 1009-3540 (2018) 11-0027-0008

Kadyl, 2024 – Kadyl T. Qytaı órkenietiniñ qalyptasýy jáne birtutastyq ideiasy [Formation of Chinese civilization and idea of unity] // Qazaqstan Şygystanw jornaly. 2024. № 3 (11 tom). P 207. <https://doi.org/10.63051/kos.2024.3.197>

Buckley, Clegg , 2007 – *Buckley P.J. Clegg L.J.* The Determinants of Chinese Foreign Direct Investment //Journal of International Business. 2007. № 4 (38). P. 499 – 518.

Kolstad, Wiig, 2010 – *Kolstad I, Wiig A.* What Derermines Chinese OutwardFDI // Journal of World Business. 2010. № 1 (47). P. 26 – 34.

¹Еркин А. ²Дуйсен Г.М.

^{1,2} Институт востоковедения имени Р.Б.Сулейменова, Алматы, Казахстан.

E-mail: ¹araynur73@163.com, ²galyimzhan@inbox.ru

РАЗВИТИЕ ТОРГОВО-ЭКОНОМИЧЕСКОГО СОТРУДНИЧЕСТВА МЕЖДУ КАЗАХСТАНОМ И КИТАЕМ: НОВЫЕ ПЕРСПЕКТИВЫ И ВЫЗОВЫ

Аннотация. Основной целью статьи является анализ различных соглашений и проектов, новых перспектив и общих интересов между Казахстаном и Китаем в сфере торговли и экономики, а также научное всестороннее рассмотрение экспортно-импортной ситуации нашей страны с Китаем и вызовов, которые ставит Китай. Для достижения этой цели, прежде всего, были проанализированы выдающиеся результаты, достигнутые в торгово-экономическом сотрудничестве с Китаем с момента обретения нашей страной независимости, продемонстрированные конкретными статистическими показателями. До настоящего времени партнерство между Китаем и Казахстаном в основном реализовывалось в нефтегазовом, рудном, сельскохозяйственном и промышленном секторах, но исследование общей ситуации двустороннего товарооборота было очень слабым. В данной статье учитывается этот пробел и приоритетным является анализ мер по ускорению развития двусторонних торговых отношений с Китаем, извлечение выгод из его достоинств и поиск путей избежания его негативных сторон, включая краткосрочные и долгосрочные вызовы. Учитывая активность и сложность темы исследования, в то время как статистические методы анализа использовались для определения экспортно-импортной ситуации между Китаем и Казахстаном, экономическое развитие страны и изменения во внешней торговле были решены с помощью сравнительных методов. Соглашения, крупные проекты, будущие перспективы, изменения и проблемы в ходе долгосрочного сотрудничества между Китаем и Казахстаном были рассмотрены с использованием методов исследования, соответствующих стилю научной работы, таких как углубленный анализ, оценка, синтез и заключение. В качестве новизны статьи, торговый оборот между Китаем и Казахстаном, его влияние на

экономику и социальное положение нашей страны, его достоинства и недостатки, а также будущие проблемы были глубоко проанализированы и обобщены. И были выдвинуты новые научные выводы и предложения.

Ключевые слова: Китай и Казахстан, торговый оборот, ситуация экспорта-импорта, проекты, представляющие общий интерес, экономическая конкуренция, новые перспективы и проблемы.

¹Erkin A. ²Duisen G.M.

^{1,2} R.B.Suleimenov Institute of Oriental Studies, PhD candidates, Almaty, Kazakhstan.

E-mail: ¹araynur73@163.com, ²galyimzhan@inbox.ru

DEVELOPMENT OF TRADE AND ECONOMIC COOPERATION BETWEEN KAZAKHSTAN AND CHINA: NEW PROSPECTS AND CHALLENGES

Abstract. The main purpose of the article is to analyze the various agreements and projects, new prospects and common interests between Kazakhstan and China in the field of trade and economy as well as to scientifically take the export-import situation of our country with China and the challenges posed by China into comprehensive consideration. To achieve this goal, first of all, the outstanding results achieved in trade and economic cooperation with China since our country's independence have been analyzed, being demonstrated by specific statistical indicators. Until now, the partnership between China and Kazakhstan has been mostly implemented in the oil and gas, ore products, agriculture and industry sectors, but the research on the overall situation of bilateral trade turnover has been very weak. This article takes this gap into account and prioritizes analyses of measures to accelerate the development of bilateral trade relations with China, benefiting from its merits while finding ways to avoid its negative aspects including short-and long- term challenges. Given the activity and complexity of the research topic, while statistical analysis methods were used to determine the export-import situation between China and Kazakhstan, the country's economic development and changes in foreign trade were resolved through comparative methods. The agreements, major projects, future prospects, changes and challenges during the long-term cooperation between China and Kazakhstan were examined employing the research methods consistent with the style of scientific work, such as in-depth analysis, evaluation, synthesis and conclusion. As a novelty of the article, the trade turnover between China and Kazakhstan, its impact on the economy and social situation of our country, its merits and defects, and future challenges were deeply analyzed and summarized. And new scientific conclusions and proposals were put forward.

Key words: China and Kazakhstan, trade turnover, export-import situation, projects of common interest, economic competitions, new prospects, and challenges.

Автор туралы мәлімет:

Еркін Арайнұр, PhD докторант, Р.Б.Сүлейменов атындағы Шығыстану институты, Алматы, Қазақстан

Дүйсен Ғалымжан Мұстахимұлы -э.ғ.д., доцент, Р.Б. Сүлейменов атындағы Шығыстану институты, Алматы, Қазақстан

Информация об авторах:

Еркін Арайнұр, PhD докторант, Институт востоковедения имени Р.Б.Сүлейменова, Алматы, Казахстан

Дүйсен Ғалымжан Мұстахимович -д.э.н., доцент, Институт востоковедения им. Р.Б. Сүлейменова, Алматы, Казахстан.

Information about authors:

Erkin Araynur, PhD candidates, R.B.Suleimenov Institute of Oriental Studies, Almaty, Kazakhstan

Duisen Galymzhan-D.Sc. (Economics), Associate Professor, R.B. Suleimenov Institute of Oriental Studies, Almaty, Kazakhstan